



БАСПАНА БАҒАСЫ НЕГЕ ҚЫМБАТ?

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ЕТЕК-ЖЕҢІМІЗДІ ҚЫМТАЙЫҚ

7-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Президент ретінде алғаш рет ел аралауға шыққанымда, әкімдер салтанатты шаралар ұйымдастыруға, көл-көсір дастарқан жаюға, билбордтар орнатуға тырысты. Қазір мұның бәрі тыйылды. Мен облыстарға жұмыс бабымен ғана барамын. Уақыт өте келе жергілікті жерлерде де осындай жұмыс дағдысы қалыптасатынына сенімдімін. Халықты жинап, қыруар қаржы шығындап, салтанатты шаралар ұйымдастыру біржола тоқтатылады.

№12
(4600)
Сейсенбі
30 қаңтар
2024 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



3

ТЕҢГЕ – «САҚ СТИЛІНДЕ»

Қазақстан Ұлттық Банкі жаңа дизайнда шыққан номиналы 5 000 теңгелік банкноталарды айналымға шығарды.



Бұл – «Сақ стилі» жаңа сериясының алғашқы банкнотасы. Ол қазақы ою-өрнектің бастау негізі саналатын және көшпенділердің бірегей мәдениетінен бастап бүгінгі Қазақстанға дейінгі ел мұрасын бейнелейтін «Сақ стилі» элементтеріне негізделген.

Банкнотаның екінші бетінде «Бүркіт» артефактінің көлемді бейнесі түріндегі Спарк элементі орналасқан. Банкнотаның көлбеу бұрышы өзгерген кезде Спарк түсі алтыннан нефрит түсіне өзгереді.

Банкнотада рельефті қалыптастыратын – алтын интаглио арнайы баспа тәсілі қолданылған. Қазақстан Республикасының елтаңбасы алтын металл бояудың жоғары бедерлі қабатымен басылған.

ІЗДЕСЕҢ ЖҰМЫС ТАБЫЛАДЫ

Астанада бүгінгі таңда 3 мың жұмыс орны бар. «Еңбек мобильділігі орталығы» қала тұрғындарына жұмыспен қамту және жұмысқа орналастыру бойынша 9 негізгі бағытта қызмет көрсетеді. Осы мақсатта бірқатар жобалар жүзеге асырылып келеді.

КӨШПІ КЕЛЕТІНДЕР КӨП

Бас қалаға көшіп келетіндер саны көбейе түскен. Астанада халықтың саны шамамен бір жылда 74 мыңға өскен. Бұл туралы Көші-қон комитетінің төрағасы Асқарбек Ертаев айтты.

– Мегалолистер (50%) ішкі мигранттарды тарту орталықтары болып отыр. Мәселен, былтыр 9 айда Астанаға 74 мыңнан аса (23%), Алматыға 67 мың (19,9%), Шымкентке 30 мың (8,9%) адам тұрақты тұруға келген. Елорда келушілердің саны бойынша басқа мегалолистердің алдында тұр. Ал ел ішінде бір жылда қоныс аударушылардың саны 26%-ға өскен. 2023 жылғы қаңтар-қыркүйекте ішкі көші-қонға 733 мың адам, облысаралық қоныс аударуға 338 мың адам қатысқан.

Елордада ашылатын фермерлердің өнімін сататын базарында сауда және ойын-сауық орталығы да жұмыс істейтін болады.

ФЕРМЕРЛЕР БАЗАРЫ АШЫЛАДЫ



Жаңа базар тұрғындары көп саналатын Н.Тілендиев даңғылында орналасқан. Мұнда 350-ден аса фермер мен кәсіпкер өз өнімдерін сауда алаңына шығаратын болады.

Әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағасын тұрақтандыру мақсатында ашылатын фермерлер базары алдағы мамыр айында іске қосылу жоспарланып отыр.

ҚОСЫМША КАНИКУЛҒА ШЫҒАДЫ

Мектептің бірінші сынып оқушылары қысқы демалыста қосымша 7 күн демалады.



Атап айтқанда, 1-сыныпта білім алушыларға 2024 жылғы 5-11 ақпан аралығында (күнтізбелік 7 күн) қосымша демалыс беріледі делінген Оқу-ағарту министрлігінің хабарламасында. Қосымша демалыс бірінші сынып оқушыларының алған білімді дұрыс сіңіруіне және физикалық тұрғыдан дем алуына мүмкіндік беру үшін қарастырылған.



ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАНДАНАДЫ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палата жанындағы Жергілікті өкілді органдармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі кеңестің отырысы өтті. Іс-шараға сенаторлар, мемлекеттік органдардың басшылығы және онлайн-форматта еліміздің барлық өңіріндегі мәслихат депутаттары қатысты.

Өз сөзінде Сенат төрағасы кеңестің бұған дейінгі отырысында белгіленген міндеттер бойынша атқарылған істер жөнінде айтты және алдағы бірлескен жұмысты тиімді жүзеге асырудың нақты тетіктеріне тоқталды. Атап айтқанда, заң шығару қызметімен бірге өңірлердегі проблемаларды бірлесіп шешу, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару жүйесін дамыту, заңдардың аймақтарда орындалу барысын бақылау, сондай-ақ мәслихаттарға методикалық және материалдық-техникалық қолдау көрсету бағыттары бойынша Сенат пен жергілікті өкілді органдар арасындағы өзара іс-қимылды нәтижелі жүзеге асыру мәселелері сөз болды.

Мәулен Әшімбаев бұл істе Мемлекет басшысы Жолдауда белгілеп берген экономикалық саясаттың жаңа үлгісіне көшу мәселесіне қатысты міндеттердің маңызды екеніне назар аударды. «Президентіміз экономиканың жаңа салаларын дамыту бойынша нақты міндеттер жүктеді. Әлеуметтік және инженерлік

инфрақұрылымды жаңғырту бағытына да үлкен көңіл бөлініп отыр. Халықтың әл-ауқатын арттыруды көздейтін кешенді іс-шаралар да жүзеге асырылып келеді. Елдің игілігіне арналған осы бағыттарда бірлесіп, нәтижелі жұмыс істеуіміз қажет. Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес, биыл Парламент бірқатар заңдар қабылдайды. Олардың қатарында жаңа Салық, Бюджет, Қала құрылысы, Су кодекстері бар. Бұл заң жобалары бойынша, әсіресе өңірлерге қатысты мәселелерде, мәслихат депутаттарының ұсыныстарын назарға алудың маңызы зор» деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар Палата Спикері биыл елімізде мәслихаттардың құрылғанына 30 жыл толатынын атап өтті. Кеңес отырысының қорытындысы бойынша заң шығару қызметінде және басқа да маңызды бағыттарда барлық деңгейдегі депутаттардың күш-жігерін біріктіріп, бірлескен жұмысты одан әрі жандандырудың маңызды екені айтылды.

Іс-шара барысында Жергілікті

өкілді органдармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі кеңес төрағасының орынбасары Төлеубек Мұқашев, өңірлердің мәслихат депутаттары Владимир Бубенко, Ерлан Каналимов, Гүлқасима Сүйінтаева, Наурызбай Байқадамов және тағы басқалары сөз сөйлеп, өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныс-пікірлерін білдірді.

Ерлан Каналимов өз сөзінде заң шығару процесінің барлық қатысушыларымен өзара іс-қимыл тетігін жетілдіру үшін мәслихат депутаттарының заң шығару қызметіне қатысуын қамтамасыз ету қажет екенін атап өтті. «Осыған байланысты Мәжіліс пен Парламент Сенатының жұмыс топтарының құрамына мәслихат депутаттарын қосуды, айына немесе тоқсанына бір рет өзекті мәселелерді шешу үшін жұмыс тәртібімен кездесулер өткізуді ұсындым. Біз көтерген мәселелер «ұзақ жәшікке» кейінге қалдырылмауы үшін жедел шараларды әзірлеу үшін диалог алаңын құру қажеттігі туралы айтып бердім» деді мәслихат төрағасы.

ЖҰМЫС СЕКЦИЯЛАРЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Астанада Ұлттық құрылтайдың жұмыс секцияларының отырысы өтті. Іс-шара басталар алдында Ұлттық құрылтай төрағасының орынбасары – Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин құрылтай жұмысының негізгі бағыттары жөнінде Президенттің қаңтар айында «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатында айтылғанын атап өтті. Сондай-ақ осы консультативтік-кеңесші органның қызметі аясында Мемлекет басшысы көтерген бастамалардың жүзеге асырылу барысына қысқаша тоқталды.

Атап айтқанда, Мемлекеттік кеңесші Президенттің Шығыс Қазақстан облысы мен Абай облысында жаңа аудандарды қалпына келтіруге және құруға, өңірлік рәміздерді реттеуге, сондай-ақ «Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени қорық-музейіне «Ұлттық» мәртебе беруге, «Балалар кітапханасы» жобасына қатысты бастамалары жүзеге асырылғанын ерекше атап өтті.

Ерлан Қарин заң мен тәртіп қағидаттарын бекіту және ілгерілету жұмыстарының қоғамдық маңызы зор екеніне назар аударды. Атап айтқанда, тұрмыстық

зорлық-зомбылыққа қарсы күрес, балалар мен әйелдердің құқықтарын қорғау, Нашакорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы заң жобасын әзірлеу, Парламент Мәжілісінің вейперді елімізге әкелуге, өндіруге, сатуға және таратуға тыйым салу туралы заң жобасын қабылдау осы бағыттағы ауқымды жұмыстардың аясына кіреді.

Іс-шара шеңберінде бір мезгілде «Азаматтық қоғам», «Мәдениет. Өнер. Руханият», «Білім және ғылым», сондай-ақ «Әлеуметтік-экономикалық даму» секцияларының жұмыс

отырыстары өтті. Секциялардың жұмысы барысында мемлекеттік органдар Ұлттық құрылтай мүшелерінің бұған дейін айтқан ұсыныстарына орай пікір білдірді. Сондай-ақ қоғамның бірлігін нығайтуға, қоғамдық тәртіп пен заңдылықтың сақталуына, ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған жаңа ұсыныстар талқыланды.

Ұлттық құрылтай хатшылығы жын барысында көтерілген бастамаларды жинақтап, мұқият зерделейді. Қазір көктемде Атырауда өтетін Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысына дайындық жұмыстары жүріп жатыр.

МЕКТЕП КӨКТЕМДЕ АШЫЛАДЫ

Қала әкімі Жеңіс Қасымбек Кирпичный елді мекеніндегі жайлы мектептің құрылысы биыл көктемде аяқталатынын мәлім етті. Бұл туралы қала басшысы әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.



«Бірқатар нысандардың құрылыс барысымен таныстым, олардың арасында Кирпичный елді мекеніндегі мектеп бар. Бұл елді мекенде 1966 жылы салынған жалғыз мектеп (Байқоңыр ауданы, Қамысты көшесі, 7) болатын. Оқу орны апатты жағдайда болғандықтан, 2021 жылы бұзылып, қайта жөндеу бастады. Жаңа мектептің құрылысы баяу қарқынмен жүріп жатты, тіпті бір уақыттары тоқтап та қалды. Ал оқушылар осы жылдары басқа мектепке баруға мәжбүр болды. Біз Кирпичный елді мекеніндегі мектептің құрылысын жандандырдық, барлық

проблемасы шешілді. Оның құрылысын биыл көктемде аяқтауды жоспарлап отырмыз. Демек, бұл да жайлы мектептердің бірі болмақ» деп жазды Ж.Қасымбек.

Әкім қазіргі оқу жылында 11 мектепті пайдалануға берілгенін жеткізді. «Ал оқу жылының соңына дейін тағы 4 мектеп ашамыз. Олар Қарасай батыр мен Бұланты көшелерінде, Қамысты көшесі, 7 мекенжайында орналасады, сол сияқты Қабанбай батыр даңғылы, 9/1, Таха Хусейн көшесі 5/1 мекенжайларында жаңа ғимараттар бой көтереді» деді ол.

Сонымен қатар, Астана

әкімі Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қалада «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асырылатынын айтты. «Жоба аясында 2024-2025 жылдар аралығында 90 мыңға жуық оқушы орнына (2 ауысымды) арналған жаңа форматтағы 24 мектеп саламыз. Олардың 15-і қарқынды дамып келе жатқан Есіл мен Нұра аудандарында орналасады. 2027-2028 жылдарға дейін бас-аяғы 200 мыңға жуық оқушы орнына (2 ауысымды) арналған 80-нен аса мектеп салуды жоспарлап отырмыз» деп сөзін түйіндеді Ж.Қасымбек.

НӘТИЖЕЛІ ЦИФРЛЫҚ БАСТАМА

Өткен жылы Президенттің «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» атты сайлауалды бағдарламасына сәйкес азаматтар өмірінде және бизнес жұмысында кездесетін жағдайларды кешенді цифрландыру басталды. Бірқатар бастамалар оң нәтиже беріп үлгерді.

Мысалы, 2023 жылы автокөлікті қайта тіркеу бойынша мәмілелердің шамамен 55%-ы (шамамен 2,3 млн) онлайн форматта жүргізілді. Жүргізуші куәлігін қайта жасау

рәсімі цифрландырылды және көліктің техникалық тексерістен өткені туралы деректер Egov-қа шығарылды. E-salyq Azamat және E-нотариат мобильді қосымша-

лары арқылы азаматтар үшін кедендік декларация тапсырып, онлайн-сенімхат рәсімдеу және нотариустардан видео арқылы консультация алу мүмкіндігі туды.

ДЕКЛАРАЦИЯ ЖАРИЯЛАЙДЫ

2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап «А» корпусының саяси және әкімшілік мемлекеттік лауазымдарын атқаратын тұлғалар, министрлер, Сенат пен Мәжіліс депутаттары, омбудсмен, судьялар, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің топ-менеджерлері мен басқару функцияларын атқаратын өзге тұлғалардың декларациялары жарияланады.

Бұл туралы Мемлекеттік кірістер комитеті ресми ақпарат таратты. Сол кезде күллі қоғам, соның ішінде

сарапшылар, журналистер әр министр мен әкімнің табысы оның шығысына қаншалықты сәйкес келетінін біле алады.

Алайда бұл қадам еліміздегі жемқорлықпен күрестің тиімді тетігіне айнала ала ма, ол – басқа мәселе.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Қытайда алғаш рет жүргізушісіз патрульдік полиция көлігі сынақтан өткізілді.

Заманауи автокөлік қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, тәртіпті қадағалауға арналған. Автономды басқару технологиясы бар темір тұлпардың сенсорлы құралы 360 градусқа айналып, 120 метрге дейінгі аралықты бақылап отырады. Бұл көліктің жүру қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Ол құқық бұзушылыққа қатысты сәттерді түсіріп, орталыққа онлайн режимде жолдай алады.



Америкада заңсыз мигранттардың толассыз ағынынан әсіресе Техас штаты қатты зардап шегуде.

Байден әкімшілігі келімсектерді кедергісіз өткізіп жатыр деп айыптаған өңір шекараға тікенек темір сымдар тартып, мигранттарды тұтқындауға кірісті. Бірақ, бұл оларды райынан қайтарар емес. Байден әкімшілігі болса, «шекара мәселесі федералдық биліктің құзырындағы шаруа. Сондықтан Техас штаты оған заңсыз араласу арқылы конституция талабын бұзды» деп айыптап шағым түсірген.



АҚШ-тың Алабама штатында алғаш рет сотталған адам азотпен тұншықтыру арқылы өлім жазасына кесілді.

1988 жылғы әйелді өлтіргені үшін сотталған Кеннет Юджин Смит өзіне тағылған үкімге үш рет шағымданды, бірақ үшеуі де қабылданбады. Штат билігі Смит бірнеше секунд ішінде есін жоғалтып, аз ғана уақыт ішінде өлетінін айтты. Процедура жергілікті уақыт бойынша 19:56-да басталып, 29 минуттан кейін дәрігерлер Смиттің қайтыс болғанын хабарлады.



ІЗДЕСЕҢ ЖҰМЫС ТАБЫЛАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Астана қаласында тұрғындарды жұмыспен қамту және жұмысқа орналастыру іс-шаралары бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар жөнінде «Еңбек мобильділігі орталығы ҚММ директоры Олжас Омар айтып берді. Бүгінгі таңда елордада мынадай негізгі бағыттарда бірқатар жобалар жүргізіледі.

1. «Бірінші жұмыс орны» – алғаш жұмыс іздеп жүрген жұмыссыздарға жұмыс орнын және қажетті еңбек дағдыларын беруге бағытталған жоба. Кепілдендірілген жалақы – 30 АЕК (110 760 теңге) құрайды.

2. «Жастар тәжірибесі» – колледждер мен жоғары оқу орындарының түлектеріне мамандығы бойынша бастапқы жұмыс тәжірибесін алу үшін арналған. Кепілдендірілген жалақы – 30 АЕК (110 760 теңге) құрайды.

3. «Ұрпақтар келісімшарты» – зейнеткерлік жасқа толған жұмыс істеп жүрген қызметкерді кейіннен ауыстыра

отырып, оқу орындарының түлектерін жұмысқа орналастыруға арналған. Кепілді жалақы – 30 АЕК (110 760 теңге) құрайды.

4. «Қоғамдық жұмыстар» – жұмыссыздарға, жалпы білім беретін мектептердің студенттері мен жоғары сынып оқушыларының оқудан тыс бос уақытқа арналған. Кепілді жалақы – 35 АЕК (129 220 теңге) құрайды.

5. «Әлеуметтік жұмыс орындары» жобасы – жұмыссыздарға, соның ішінде азаматтардың әлеуметтік осал санатындағы адамдарға арналған. Жалақыны Мансап орталығы жартылай төлейді, бірақ 20 АЕК-тен аспайды (73 840 теңге).

6. «Күміс жас» жобасы 50 жастан асқан жұмыссыздарға арналған. Жалақыны жұмыс беруші белгілейді, бір бөлігін Мансап орталығы төлейді.

Бұдан бөлек, маңызды бағыттардың бірі – кадрларды даярлау және жұмыссыздарды кәсіптік оқыту.

Кәсіби оқыту екі бағытта жүзеге асырылады:

- жұмыс берушілердің өтініші бойынша білім беру ұйымдарында;

- жұмыс берушілердің жұмыс орнында. Кәсіби оқытудың артықшылығы 32 681 теңге көлемінде төленетін шәкіртақы. Оқытудан кейінгі жалақы – 20 АЕК (73 840 теңге).

Сондай-ақ орталық халықтың әлеуметтік осал тобына жеке бизнес ашуға гранттар береді. Мұндай көмек бір рет көрсетіледі.

Жастарға қолдау көрсету тетіктерінің бірі – несие беру. Шағын несие 21 мен 35 жас аралығындағы жас кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған.

Бағдарламаға жұмыс істейтін жастардың өкілдері қатыса алады.

Астана қаласының «Еңбек мобильділігі орталығы» ҚММ директорының айтуынша, орталық өз құзыретінде жұмыссыздарға жұмысқа орналасуға тек жәрдемдесу қызметін атқарады. Орталықтың мәліметінше, бүгінгі таңда Астанада 3 мыңнан астам бос жұмыс орны бар.

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ КӨМЕКТЕСТІ

Қалада соңғы күндері қалың қар жауып, коммуналдық қызмет күшейтілген режимде жұмыс істеуде. Жеке сектордағы егде жастағы тұрғындарға үйдің аумағын өз бетінше тазалау оңай емес. Бұл ретте елорда еріктілері «Қайырымдылық істер» марафоны аясында зейнеткерлер үйлерінің аулаларында қар тазалау акциясын жалғастырды.

Кеше елордалық жастар Сарыарқа ауданы тұрғындарының үйлеріне барып, аумақты қардан тазартуға көмектесті. Жыл басынан бері акция аясында қаланың барлық аудандары бойынша жалғызбасты ата-әжелердің 40-тан аса жеке ауласы тазартылды. Еріктілердің жұмысы туралы қала тұрғындарының бірі Санат Мұсабеков пікірін білдірді.

– Жастардың зейнеткерлерімізге көмектесіп жатқанын көріп, марқайып қалды. Бұл өз кезегінде басқа адамдарға үлгі болады. Сондықтан ағам екеуіміз де ауланы қардан тазартуға көмектесетін жақындары жоқ көршілерімізге қол ұшын

беруге тырысамыз, – деді Санат.

Қайырымдылық акциясы жалпы қала мәдениетіне де әсер етеді. Ештеңеге бейжай қарамайтын тұрғындар игі істерге қосылуда. Кез келген адам еріктілердің қатарын толықтыра алады. Ол үшін «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының Instagram аккаунтына хабарлама жазу керек.

– «Қайырымдылық істер марафоны» акциясы аясында сіздер біздің қатарымызды толықтырып, ерікті бола аласыздар. Қазақстанның болашағы – жастардың қолында екенін есте сақтаңыз» деді астана-лық жастар.



ҚАР ШЫҒАРУ ҚАРҚЫНДЫ



Соңғы тәулікте елордада қар тазалау жұмысына 2,5 мыңнан астам жол жұмысшы жұмылдырылды. Қаланың коммуналдық қызметтері тәулік бойы күшейтілген режимде жұмыс істеуде.

Өткен түнде қаладан 44 мың текше метрден астам қар шығарылды, бұл 3,3 мың ауыр жүк көлеміне тең. Қысқы кезеңде елордадан барлығы 3,1 млн текше метр қар шығарылды, ол үшін полигондарға жүк машиналарының 231 мыңға жуық рейсі жасалды.

– Жалпы биыл қыс келіп, қалың қар түскелі қаланың коммуналдық

қызметі үздіксіз жұмыс жүргізіп, жаяу жүргіншінің де, көліктердің де жүруіне, қозғалысына қатысты кедергілерді жойып келеді. Омбы қармен күресте қаланың басты көшелеріне арнайы техника мен сала жұмысшылары тартылса, шет аймақтардағы қарт адамдардың ауласын қардан тазартуға еріктілер

жұмылуда. Осылайша тиісті қызметтердің өз міндетін асыра орындауы мен қайырымды жандардың арқасында қаламыз қардан уақытылы тазартылғаны қуантып отыр. Бұл бүгінгі жұмысты жандандырып қана қоймай, ертең көктемде басталатын қарғын су басу қаупін де азайтады, – дейді елордалық зейнеткер Жұпарбек Сейілбеков.

«Қазгидромет» синоптиктері 30 қаңтар күні Астанада көшпелі бұлт және кейде тұман болады деп болжап отыр. Ауа температурасы күндіз 17 градусқа дейін төмендейді.

«ТЕГІН» ЖҮРЕТІНДЕР ТЫЙЫЛМАЙ ТҮР

Елордада жыл басынан бері жолақы төлемеген 900 азаматқа айыппұл салынды. Бұл туралы «City Transportation Systems» ЖШС көліктік бақылау департаменті директорының орынбасары Райымбек Қайролла мәлімдеді.

Биыл елордадағы қоғамдық көліктерде кондуктор қызметін алып тастап, жолақыны электронды түрде төлеу жүйесі енгізілгеніне 6 жыл болады. Осы уақыт аралығында автобустарда онлайн төлем жүйесінің жаңа түрлері пайда болып, қала тұрғындарына еш кедергісіз төлем жасауға мүмкіндік берілді. Осыған қарамастан, жолақы төлеуден жалтарып, айыппұл төлеп жүрген елордалықтар саны азаяр емес. Соңғы жылдардағы статистикалық деректерге сүйенсек, жолақы төлемейтін жолаушылар саны азаймай тұр. Көлік бақылау департаментінің қызметкерлері 2020 жылы жолақы төлемеудің 207 545 дерегін тіркеп, 3 мыңға жуық азаматқа 16 323 740 теңге айыппұл салды. Ал 2021 жылы 222 мың адам автобуспен «тегін» жүрсе, жауапсыз жолаушыларға 57 млн теңгеге айыппұл салынған.

– Біздің есеппен күніне жолаушылардың 10-15 пайызы жолақысын төлемей, тегін қатынайды. Бұл,

шамамен, 90 мың адам. Енді осы 90 мыңды 90 теңгеге көбейтсек, күніне 8 миллион теңге шығады. Жылына автобус паркеріне 2,9 млрд шығын келеді. Мәселен, 2023 жылдың қорытындысы бойынша көліктік бақылау департаментінің қызметкерлері 200 мыңнан аса жолаушының жолақысын төлемегенін анықтады. Бірақ 10 мыңнан аса жолаушыға ғана әкімшілік хаттама толтырылды. Оның жалпы сомасы 70 млн теңгеден асады. Біздің қызметкерлер тексеріс барысында автобустың төлем жүйесін блокқа қояды. Бұғаттаған кезде жолақысын төлемеген жолаушыны анықтайды. Оның аялдамадан түсуін сұрайды. Әрі қарай 102-ге хабарласып, полиция қызметкерлерін 30 минуттан 1 сағатқа дейін күтеді. Бұл мезетте тексеруші мен жолаушы арасында дау басталады. Ал біздің қызметкерлер оларды күштеп ұстап тұра алмайды, – деді Райымбек Қайролла.

Зарина СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ

Британдық полицейлер қала көшелерімен серуендеп жүрген адамдардың киімдерінің астында қару-жарақтың бар-жоғын жасырын тексере алады.

Келесі жылы енгізілуі мүмкін жаңа технология адам көп жиналатын жерлерде алты метрге дейінгі қашықтықта киім, тіпті қалың пальто мен белдік астынан пышақтардың бар-жоғын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл үшін Ұлыбритания үкіметі 460 мыңнан астам фунт стерлинг бөлді. Оны қолдану жазықсыз адамдарды тұтқындау мен тінту санын азайтуды көздейді.



Сауд Арабиясында 72 жылдан кейін алғаш рет алкоголь сатуға рұқсат берілмек.

Әзірге тек бір дүкенде және шетелдіктер үшін ғана рұқсат етілген. Дүкен Эр-Риядтың дипломатиялық кварталында орналасады және тек мұсылман емес шетелдіктерге арналған. Елдің 32 миллион тұрғынының басым көбі үшін ішімдік қолжетімді емес болады. Дүкенге тек арнайы қосымшада тіркелгендер ғана кіре алады және сатып алуда шектеу қойылады. Дүкенге кіргенде тұтынушылардан ұялы телефонның арнайы сөмкеге салу талап етіледі.



«ЕЛОРДА ЖАСТАРЫ»: ҚОЛЖЕТІМДІ БАҒДАРЛАМА БАСТАЛАДЫ

Астанада үйлі болу үшін қолжетімді бағдарламалар саны жыл сайын артып келеді. Солардың бірі – «Елорда жастары» жеңілдетілген несиелеу бағдарламасы. Бұл – қалалық әкімдік пен «Отбасы банкінің» бірлескен жобасы. Баспаналы болғысы келетін астаналық жастар үшін «Елорда жастары» тұрғын үй бағдарламасы 1-6 ақпан күндері іске қосылады.

2024 жылғы 1 ақпаннан бастап өтінімдерді қабылдау сағат 9.00-ден 6 ақпанға дейін сағат 23.59-ға дейін электрондық түрде birge.astana.kz порталы арқылы жүзеге асырылады (өтінім беру жөніндегі нұсқаулық zhilfond.kz сайтының осы бағдарлама бойынша хабарландыруында, «Жаңалықтар» бөлімінде орналастырылған). Бағдарлама «Отбасы банк» АҚ арқылы елордада бастапқы/қайталама нарықта өз пәтеріңізді сатып алуға мүмкіндік береді. Банк барлығы 80 несие береді. Ипотекалық несиенің ең жоғары сомасы – 18 млн теңге, мерзімі 25 жылға дейін, бастапқы жарна – 10%, қарыз бойынша жылдық мөлшерлеме – 5%.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

- Өтініш берген уақытта қатысушының жасы 35-тен аспауы тиіс;
- Қатысушының және онымен бірге тұратын отбасы мүшелерінің соңғы 1 жыл ішінде Астана қаласында тұрақты тіркеуі болуы қажет;
- Бағдарламаға қатысушының және оның отбасы мүшелерінің Қазақстан Республикасының аумағы бойынша соңғы 5 жыл ішінде сатып алу құқығымен жалдамалы тұрғын үйі болмауы тиіс;
- Қатысушының өтініш берген кезінде кемінде соңғы бір жыл ішінде Астана қаласында таңдалған саласында ресми жұмыс тәжірибесі болуы тиіс;
- жинақталған сомасы 1,8 млн теңгеден кем емес «Отбасы банкте» депозиттік шотының болуы қажет;
- отбасының бір мүшесіне шаққандағы соңғы 6 айдағы табыс 6 ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспауы қажет, яғни 2024 жылы бұл сома (260 442 тг) теңгені құрайды (зейнетақы жарнасы, жеке табыс салығы және басқа да міндетті жарналарды қоспағанда);
- бағдарламаға ерлі-зайыптының біреуі ғана қатыса алады.
- «Елорда жастары» жеңілдетілген несиелеу бағдарламасына Астана қаласының мемлекеттік қалалық және республикалық мекемелерінің қызметкерлері ғана келесі қызмет салалары бойынша қатыса алады:
 - денсаулық сақтау (техникалық және әкімшілік персоналды қоспағанда, медицина қызметкерлері);
 - білім беру (техникалық және әкімшілік персоналды қоспағанда, педагог қызметкерлер);
 - мәдениет (техникалық және әкімшілік персоналды қоспағанда, бейінді қызметкерлер);
 - спорт (техникалық және әкімшілік персоналды қоспағанда, спортшылар мен жаттықтырушы-тәлімгерлер);
 - әлеуметтік сала (техникалық және әкімшілік персоналды қоспағанда, оқытушылар мен ғылыми қызметкерлер);
 - журналистер (тілшілер, продюсерлер, беттеушілер, редактор, режиссерлер, дыбыс инженерлері, телерадио жүргізушілері, фотоағартар, телерадио хабарларын тарату инженерлері, графикалық және мультимедиялық дизайнерлер, телерадио хабарларын тарату техниктері, аудио-бейне операторы, телекоммуникация монтажерлері, контент-менеджер, кеңесші, веб-дизайнер, медиа жоспарлау менеджері, медиа талдаушы);
 - Астана қаласының коммуналдық кәсіпорындарының/мекемелерінің бейінді қызметкерлері (ұйымның жекелеген жоғары тұрған салалардағы қызметкерлерін, оның ішінде техникалық және әкімшілік персоналды қоспағанда);
 - қызмет саласына қарамастан, елордада «Жетім балалар» санаты бойынша тұрғын үй кезегінде тұрған 35 жасқа толмаған азаматтар;

БАҒДАРЛАМА ШАРТТАРЫ:

НЕСИЕНІҢ МАКСИМАЛДЫ СОМАСЫ 18 МЛН. ТГ

БАСТАПҚЫ ЖАРНА 10%

НЕСИЕ МӨЛШЕРЛЕМЕСІ (ЖТСМ 5,2%-ДАН); 5%

НЕСИЕ МӨЛШЕРЛЕМЕСІ 25 ЖЫЛ

- Астана қаласы Полиция департаментінің қызметкерлері (техникалық және әкімшілік персоналды қоспағанда, бейінді қызметкерлер);
- Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері (техникалық және әкімшілік персоналды қоспағанда, бейінді қызметкерлер);
- Өтінімді толтыру кезінде қатысушы таңдаған сала бойынша еңбек қызметін жүзеге асыратын саламен сәйкес келуі тиіс.

БАҒДАРЛАМАҒА ІРІКТЕУ ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ?

Қатысушыларды іріктеу ең жоғары балдан ең төмен балға есептеуді пайдалана отырып жүргізілетін болады:

- таңдалған саладағы жұмыс өтілінің толық 1 жылы – 5 балл, таңдалған саладағы жұмыс өтілінің толық емес жылы – 3 балл;
- Астана қаласында «Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар» санаты бойынша коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаждар есебінде тұрғандар ретінде өтінім берген азаматтарға қызмет саласына қарамастан, толық 1 жыл жұмыс өтілі үшін – 5 балл, толық емес жұмыс өтілі үшін – 3 балл есептеледі;
- өтініш берушіде немесе жолдасы/жұбайында I, II, III топтағы немесе балаларда мүгедектіктің болуы – 10 балл. Егер отбасының бірнеше мүшесінде мүгедектік болса, мүгедектігі бар отбасының әрбір мүшесіне ұпайлар беріледі; Қатысушылар бірдей ұпай жинаған жағдайда, жасы үлкен қатысушының ету үлесі жоғары болады.

ҚАТЫСУҒА ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ:

1. Электронды цифрлі кілт;
2. Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (бала туу, неке қию, некені бұзу және т.б.);
3. Өтініш берушіге Қазақстан Республикасы бойынша отбасының барлық мүшелеріне жылжымайтын мүліктің жоқтығы (бар болуы) туралы анықтама (анықтама egov.kz – ҚР электрондық үкімет порталынан өтінім беру сәтіндегі күні алынуы тиіс);
4. Ұйымның фирмалық бланкісінде анықтаманың берілген күні, шығыс нөмірі, жұмысқа орналасу күні және атқаратын лауазымы мен лауазымдық жалақысы көрсетілген жұмыс орнынан анықтама;
5. ҚР Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес еңбек өтілін растайтын құжаттар (қызметтік тізім, еңбек кітабы немесе т.б.);
6. Еңбек қызметінің барлық кезеңі үшін зейнетақы ауда-

рымдары туралы үзінді-көшірме ерлі-зайыптылардың екеуіне де (жолдасы/жұбайы);

7. Болған жағдайда: өтініш берушіге немесе оның отбасы мүшелеріне (жолдасы/жұбайы, балалары) мүгедектігі туралы анықтама;

8. Депозитте жинақталған соманы көрсете отырып, «Отбасы банк» АҚ-да депозиттік шоттың болуы туралы анықтама (ерлі-зайыптылардың екеуіне де, жинақталған сома 1,8 млн теңгеден кем болмауы тиіс);

9. Жұмыс істейтін ерлі-зайыптылардың екеуінде де болған жағдайда соңғы 6 айдағы табысы туралы жұмыс орнынан анықтама;

10. Жоғары немесе орта арнаулы білімі туралы құжат;

11. Қолы мен күні бар дербес деректерді жинауға және өңдеуге жұбайының/жолдасының (бар болса) келісімінің сканерленген нұсқасы (келісім үлгісі zhilfond.kz сайтында осы бағдарлама бойынша хабарландыруда, «Жаңалықтар» бөлімінде орналастырылған).



АСТАНАЛЫҚ ПАРАСПОРТШЫЛАР ЕРЛЕДІ

Египетте өткен пара үстел теннисінен Fa40 ашық чемпионатында қазақстандық спортшылар 1 күміс және 1 қола медаль еншіледі, деп хабарлады Elorda.info.

Жарыста аралас жұп разрядында өнер көрсеткен Талғат Эрекеев пен Алтынай Ержанқызы күміс медальді иеленді. Ал жұптық разрядтағы бәсекеде Әли Мақұлбеков пен Талғат Эрекеев қола жүздені еншіледі.

Бұл – Париж-2024 Паралимпиада ойындарына қатысу үшін рейтингтік жарыстардың бірі. Біздің спортшыларымыз әрдайым өз шеберлігін шыңдап, көрсеткіштерін жаңартып отыру керек. Пара үстел теннисінде рейтингтерге ұпайлар Fa20 және Fa40 жарыстарында беріледі.

Fa40-тың ерекшелігі рейтингке жоғары ұпайлар беріледі

және жарысқа тек Fa20-да өнер көрсеткен спортшылар ғана қатыса алады. Жалпы жыл көлемінде Fa40 жарыстары 5 рет өтсе, Fa20 шамамен 20-25 рет өтеді.

Алдағы наурыз айында Астанада тұңғыш рет рейтингтік Fa20 ашық чемпионаты өтеді. Оған 14 мемлекеттен 135 спортшы қатысуы жоспарланады, – деді Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығының пара үстел теннисінен команда басшысы Ерлан Дусмаилов.

Айта кетсек, Fa40 чемпионаты Гиза қаласында өтті. Жарысқа 27 елден 190 спортшы қатысты.

ТҰРҒЫНДАР ҰСЫНЫСЫ ІСКЕ АСАДЫ

«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы биыл Астана аудандарында жалғасады. Осы жылы алғаш рет Нұра ауданында жүзеге асады. Аталмыш аудан мен Байқоңыр, Алматы, Есіл аудандарының әкімдіктерінде тұрғындардан өтінімдер қабылдау басталды. Тұрғындар ұсыныстары 1 наурызға дейін қабылданады.

«Халық қатысатын бюджет» елордада 2019 жылдан бастап іске асырылуда. Жыл сайын Астанада бағдарлама аясында 100-ден астам аула жаңартылады.

Бағдарлама мақсаты – астаналықтардың идеялары мен ұсыныстары негізінде аулаларды күрделі жөндеу өткізу. Қатысу үшін жоба авторларына жөндеудің болжамды құнын көрсету, ауланы абаттандырудың эскизін/макетін, сондай-ақ тұрғындардың жалпы жиналысының хаттамасын тапсыру жеткілікті. Жобалық ұсыныстарда аулаларды күрделі жөндеу, көгалдандыру, жарықтандыру, орамшілік асфальттау және т.б. жұмыстарды көрсетуге болады.

Жалпы бағдарламаға аумақты көгалдандыру, тротуарларды жайластыру, тротуарларды, пандустарды, арықтарды салу және жөндеу, жалпыға ортақ пайдаланылатын орындарды (саябақтар, скверлер, жаяу жүргіншілер аймақтары, көшелер және өзге де нысандар) құру, жөндеу және жарықтандыру, бордюрлерді, тас төсеніштерін, тіреу қабырғаларын жөндеу, балалар ойын алаңдары мен демалу орындарында салу және жөндеу, аула аумақтарында және жалпы пайдалану орындарында спорттық (тренажер алаңдарын, футбол, баскетбол, волейбол алаңдарын), балалар ойын алаңдарын орнату,

жөндеу және жарықтандыру жатады.

1 наурызға дейін Алматы ауданы әкімдігінің сайтында «Халықтық қатысу бюджеті» бөліміне өтіңіз.

2 наурыздан 5 сәуірге дейін сараптама комиссиясы келіп түскен жобаларды талдайды. 6-24 сәуір аралығында жоба үшін электрондық дауыс беру өтеді.

25 сәуірден 30 сәуірге дейін дауыс беру қорытындысы шығарылады.

«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы 7 кезеңнен тұрады: сараптамалық кеңес құру, өтінімдерді қабылдау, жобалық ұсыныстарды талдау, дауыс беру, қорытындылау, жұмыс жоспарларын құру және іске асыру. Биылдан бастап тұрғындар EGOV mobile қосымшасы арқылы жобаларға өтініш және дауыс бере алады. Ал Сарыарқа ауданында аталмыш бағдарлама бойынша ұсыныстарды қабылдау осы жылдың 20 ақпанында басталады. Өтініштер 10 наурызға дейін қабылданады. Осы кезеңде қатысушылар нақты өзгерістер мен жобаға қажетті соманы көрсететін жақсарту жоспарын әзірлеуі керек. Дайын жоспарды азаматтар аудан әкімдігінің ресми сайтына жүктейді. Техникалық сараптама және өтінімдерді талдау кезеңінен өткеннен кейін жобалар келесі дауыс беру кезеңіне жіберіледі.

ЕЛОРДА ЖАСТАРЫ

ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАУ

01.02 - 06.02.2024 ж.

5% ГОДОВЫХ

ТОЛЫҒЫРАҚ →

Өтінімдерді қабылдау

↓

BIRGE.ASTANA.KZ

порталы арқылы электрондық түрде жүзеге асырылады

Өтінімдерді қабылдау birge.astana.kz порталы арқылы электрондық түрде жүзеге асырылады (өтінім беру жөніндегі нұсқаулық zhilfond.kz сайтында осы бағдарлама бойынша хабарландыруда, «Жаңалықтар» бөлімінде орналастырылған).



ШЫҢҒЫС ЖАҚҚАН «ШЫРАҚ»

Астана қаласы әкімдігінің Жастар театры «Шырақ» қойылымы арқылы былтыр «35 градус» деген атаумен өткен I республикалық жастар театрлары фестивалінде жүлдеге ие болды. Нақтырақ айтқанда, аталған қойылымның режиссері Шыңғыс Жақыпбай «Ең үздік режиссер» дипломымен марапатталды. Фестивальдің аты айтып тұрғандай, іс-шара аясында тек 35 жасқа дейінгі режиссерлердің таңдаулы қойылымдары сахналанды. Солардың бірі – астаналық 30 жастағы Ш.Жақыпбай мен басқа өңірлерден келген сондай 7 режиссерге фестивальдің ашылу салтанатында осы диплом табысталды.

Райхан РАХМЕТОВА

«Театрдың бағы да, соры да – режиссер» демекші, театр режиссері болудың өзі – табанды және қажырлы еңбек пен зор ізденісті, шығармашылық толғанысты қажет ететін үлкен өнер. Сегіз жылдық актерлік тәжірибесі бар Шыңғыс осы қиын жолдағы алғашқы қадамын былтыр наурыз айында «Шырақ» музыкалық қойылымы арқылы бастады. Дебюттік спектакліне ол ұзақ ойланып, іштей көп дайындалып барып кіріскен.

– Өзім осы спектакльді қояйыншы деп ниеттеніп жүрдім. Негізі, режиссер болу өте қиын, уайымы көп жұмыс екен. Әрине, бір дебюттік қойылымға бола өзімді режиссермін деп санамаймын. Ол үшін әлі талай еңбек етіп, көрермен жүрегін жаулау үшін пьесалар сахналау керек. Сенің кім екеніңді көрермен өзі анықтайды. Біз аталған фестивальге өтініш жібергенде өтеміз деп ойламадық, Қаншама театрдың арасында бізді таңдамайтын шығар деген ой болды. Бірақ хабар келгенде өте қатты қуандық. Біз үшін бұл – үлкен қуаныш. Себебі фестивальге қатысуға шақырту алудың өзі жеңіс деп ойлаймын, – дейді жас режиссер Шыңғыс Жақыпбай.

«Шырақ» – band стилінде, жанды музыкалық шығармаларға негізделген лирикалық драма. Спектакльдің авторы –

ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұрлан Оразалин. Қойылымда танылмайтын әнші Мархаба Сәбидің «Үнсіздік», «Жақсы адам», «О немене?», «Марсқа», «Таспай», «Қайтеміз?» деген әндері орындалды.

– Қазір көрерменді таңғалдыру қиын, негізі. Осы мақсатта біраз уақыттан бері театрлар музыкалық қойылымдарды көбейтті. Бұл да сондай туынды. Қойылымды бастар алдында Мархаба Сәбиден әндерін орындауға рұқсат алдық. Режиссер үшін ең бірінші пьеса материалының, яғни түп шығарманың мәні мен айтар ойы маңызды. «Шырақ» – отбасы құндылығы тақырыбын көтеретін туынды. Күйеуінің әйеліне көңіл бөлмеуі, жас келіншектің өзін керек сезіну үшін махаббатты сырттан

іздеуі қойылым тақырыбына арқау болған. Өміріміздің мәні – отбасындағы сыйластықты қалай сақтап қалуға болады? Сенім мен күдік тайталасқа түскенде тура жолды қалай табасың? Қойылым осы сауалдарға жауап іздейді, күлдіре отырып, көрерменнің мәңгілік құндылықтардың қадірін түсініп, бағалауға шақырады, – дейді Ш.Жақыпбай.

Өнерлі шаңырақта дүниеге келген екі ұлдың кішісі Шыңғыс қана ата-анасының жолын қуды. Олар басында бұған қарсы болса да, қанмен берілген өнерге тұсау салмайық деп кенжесінің қадамын қолдады. Сөйтіп ол 2009-2012 жылдары Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы колледжін «музыкалық театр актері» мамандығы бойынша тәмамдады. 2012-2016 жылдары осы академияда «эстрада

әртисі» (мюзикл) мамандығы бойынша жоғары білім алды. 2015 жылдан бастап Астана қаласы әкімдігінің «Жастар» театрының актері.

Театрда 11 қойылымда және кинода да сан алуан рөлді сомдаған. Мәселен, театрда «Моцарт» мюзиклінде Князь, Розенбергтің бейнесі, «Нартәуекел» драмалық дастанында Сабалақ, Әбілмансұрдың рөлін, «Мейірімді жүрек» ертегісінде қасқырдың кейпі, «Чиполлино» ертегісінде Бұршақтың рөлін, «Өмір» драмасында бозбала Әмірдің рөлін, «Құлыншақ пен бөлтүрік» ертегісінде қасқырдың, «Қар ханшайым» ертегісінде зұлым сиқыршының, қарақшылардың, «Ірімшік құмар тышқандар» ертегісінде Мартонның, «Көзімнің қарасы» музыкалық драмасында бозбала Абайдың, «Жыл – он екі ай» ертегісінде Сарбаздың, «Ромео-Жульетта» спектаклінде Ромеоның рөлдерін сомдайды. Ал киноиндустрияда «Болашақ» телехикаясында Арман рөлімен танылды. Театрдағы жетістіктерінің ішінде 2014 жылы Оңтүстік Корея «DIMF-2014» мюзикл фестивалінің лауреаты атанғанын айта кетуге болады. Жас актер өрі режиссер Шыңғыс Нұрқанатұлы қазіргі таңда келесі бір режиссерлік қойылымды сахналау үшін шығармашылық ізденіс үстінде. Болашақта оның жаңа спектаклін елорданың «Жастар» театрының сахнасынан тамашалап та қалармыз.



АБАЙДЫҢ ОЙЫ АСТАРЛЫ

Абай шығармаларының тағылымдық, танымдық қасиеттері ешуақытта мағынасын жоғалтпайды. Тәрбие құралы ретінде өнегесі жалғаса береді.

Бар сұлулықты, эстетикалық көркемдікті бойына жинаған Абайдың өлеңдері кімді де болса рухани биікке жетелеп, болашаққа құлшындырады, саналы болуға тәрбиелейді. Бұл құндылықтар дарынды ақынның сөз шеберлігі, даналық ойлары, парасаты арқылы ерекше сұлуланып, өзгеше деңгейге көтерілген. Өр ұғым, өр қағида бүкіл адамзаттың жүрегіне жол тауып, есте мәңгі сақталатындай қалыпқа келген.

Абайдың қай өлеңін, қай қара сөзін алсақ та, астарлы ойы мен адамгершілікке тән асыл қасиеттері (ар, ұят, намыс, иман, ақыл, білім, ғылым және т. б.) ұлағаттайды. Оны бойына дарыта алмаған ел-жұртын сынағанда ол жек көру тұрғысынан емес, керісінше, адами рухты сіңіріп

өсу керек деген ойды меңзейді. Ақынның қара сөздері мен өлеңдерінде кейбіреудің іс-қилығына көңілі толмаған шарасыз күйін аңғаратын кезіміз болады. Хакім өмірде адал еңбек, маңдай термен емес, айла-құлқымен, дүние бокқа сұғанақтықпен көзін қадаған кемшілікті қатал сын тезіне алады. Қазақты тіршіліктегі қайшылықты өмір көшін, сол кездегі әлеуметтік жағдайды сынап, мінейді. Одан арылудың жолы ғылым, білімде екенін ескертіп, ел назарын соған аударады.

Абайдың пайымдауында адамның бойындағы барша ізгіліктің басы отбасынан басталады. Ақын отбасында ата-анадан алатын тәрбиені өте жоғары бағалаған. Сондықтан да өмірге келген әр адамды адалдыққа,

парасаттылыққа, адамгершілікке, сұлулыққа апарар жол ананың сүтінен, ата-ананың пәрменді үлгісінен тамыр тартады деген ойдың желісі Абай өлеңдерінде айқын аңғарылады.

Ұлы ақын бала тәрбиесіне, жалпы бала болмысына, қарттар мен қариялардың танымдық ерекшелігіне қатты көңіл бөлген. Сондықтан ол:

*Адамның бір қызығы – бала деген,
Баланы оқытуды жек көрмедім, – дейді.*

Абай өмір жолын тануды керек дейтін қағиданы ұстанған:

*...Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл бөлсеңіз.*

Абай өз заманындағы жас ұрпаққа, «көкірегі сезімді», көңіл көзі қарақты, ойлы адамдарға үміт артып, оларды өзінің озат мақсат-мұратына тартуға ұмтылды. Жастардың өнімді еңбек етіп, ғылым мен білімге талпынуы, алға қойған

мақсатқа жетуде табандылық көрсетуі, міне, осындай асыл қасиеттерді ұғуында – Абайдың бүкіл шығармаларының негізгі идеялық-тақырыптық үзілмес жүйесінің бірі.

Абай тәрбиелік бағыттағы өлеңдерінде адамның негізгі эстетикалық болмысының бастау көзі ғылымды игеруде жатыр, соның пайдасын біл дегенді меңзейді. Себебі көкірегі ашық, танымы терең адамның қабылдауы да жан-жақты, әр нәрсеге көңіл бөлгіш, байқағыш, ой түйгіш болатыны анық. Абай өз өлеңдерінде бала тәрбиесінен бастап тұтас ұлттың, халықтың санасына ықпал ету мақсатындағы ойын ортаға салған. Оның тәрбиелік бағыттағы ойы кең ауқымдағы ағартушылық идеяларға ұласқан.

Нұрқожа ЕРЖАНОВ,
Астана қаласы ауданаралық сотының азаматтық істер жөніндегі әкімшісі басшысы

Қазақ журналистикасына, қазақ әдебиетіне ақжолтай із қалдырған Жылқыбай Жағыпарұлы 70 жасқа толар шағында кенеттен дүние салды.

ҚАЛАМЫ ҚОЛЫНАН ТҮСПЕГЕН...



Ғалым
ҚОЖАБЕКОВ

Туған жері – қасиетті Қарқаралы топырағынан қуат алған Жылқыбай Жағыпарұлының бүкіл саналы ғұмыры Целиноград-Ақмола-Астанада өтті.

Қаршадай кезінен қаламының құдіретіне арбалған абзал азаматтың мақсат-мүддесі бойына біткен қаламгерлік таланты арқылы халқына қызмет ету болды. Енді бүгін қарап отырсақ сол бұла арманының орындалғанына көзіміз жетеді.

Жылқыбай Жағыпарұлы 70-жылдары әскери міндетін өтеп болған бетте тағдырдың жазуымен Целиноградқа келіп, бірді-екілі мақаласын «Коммунизм нұры» газетіне өткізгенде, газет басшылығы оны бірден жұмысқа шақырады. Содан бері ол қаламы қолынан түсірмей ел туралы, жер туралы, ұлтының мүддесі туралы жазға берді. Ақмола облысының барлық өңірінің тыныс-тіршілігі туралы үздіксіз мақалалар жариялады.

Жылқыбай Жағыпарұлының азаматтық келбеті оның әдеби шығармалар жазуымен де ашылды. 1993 жылы шыққан «Зар нала» кітабы арқылы бүкіл қазақ оқырмандарының жүрегіне жаулап алды десе болады. Қазақтың революцияға дейінгі, революциядан кейінгі, ашаршылық кезіндегі тағдыр талайы туралы жазған «Кек», «Қиянат», «Зар нала» повестері оқыған оқырманның көзіне жас үйіріп, жүрегін толқытқан еді.

Жылқыбай Жағыпарұлы тарихи-әдеби шығармаларымен қатар ұлттық публицистиканың да көрнекті өкілі болды. Оның қазақтың ана тілі, салт-дәстүрі, өнері мен мәдениеті туралы мақалалары облыстық, республикалық баспасөзде түйдек-түйдек болып шығып жататын. «Ақмола көтерілісі», «Зала», «Қалам киесі», «Үміт толқыны», «Ұлт ұясындағы ұлағат», «Астана» және басқа да шығармалар

жинағы оқырманның жүрегінен орын алғаны сөзсіз еді. Жылқыбай Жағыпарұлы шығармашылық адам ғана емес, іс жүзінде ұлтының патриоты ретінде көрінген азамат болып танылды. Байырғы Целиноградта қазақ мектептерін ашу, немістердің Ақмола-Астанада құру мәселесі туындағанда топтың ортасында жүріп, нағыз ұлтжанды азамат екенін сан мәрте дәлелдеген еді.

Жылқыбай Жағыпарұлының шығармашылық еңбегі мемлекет тарапынан да ерекше ескерілді. Президенттің Алғыс хаты, «Құрмет» ордені, «Ерен еңбегі үшін» медалі, «Ақпарат саласының үздігі», «Мәдениет қайраткері», Қазақстан Журналистер және Жазушылар одағының мүшесі атақтары – елім деп, жерім деп, ұлтым деп өткен Жылқыбай Жағыпарұлына берілген үлкен құрметтің белгісі.

Жылқыбай Жағыпарұлы өмірде қарапайым болып көрінгенмен, ол алдаспандай адалдығымен, найзағайдай намысымен, пышақтай өткір мнәзімен ерекшеленетін еді. Ал аңқылдаған ақжарқын мінезі, адамға деген бауырмалдығы, досқа деген адалдығында шек жоқ еді-ау. Жүрген жерінің мәнін де, сөнін де келтіретін серілігі де бір төбе болатын. Қаншама жасқа шығармашылық тұрғыдан ұстаз, бауырмал аға да болды.

Жылқыбай Жағыпарұлының азамат ретіндегі тағы бір ерекше қыры – өнегелі әулеттің отағасы болды. Құдай қосқан жарымен күміс қасықтай қыздарын өсірді, құда-құданды болды, жиен-немерелер сүйді.

«Арқа ажары» газетінде ширек ғасыр еңбек етіп, бас редактордың бірінші орынбасары, «Ел» қоғамдық-саяси газетінде бас редактор, ел газеті – «Егемен Қазақстан» газетінде шолушы болып бүкіл өмірін баспасөз саласына арнаған Жылқыбай Жағыпарұлының жәрқын бейнесі жүрегімізде мәңгілік сақталады!

Астана қаласының әкімдігі белгілі қаламгер, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі **Жылқыбай Жағыпарұлының** мезгілсіз дүниеден өтуіне байланысты марқұмның отбасы, туған-туысқандары, жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Elorda Aqparat» медиакомпаниясы және «Астана ақшамы» газеті журналистика ардагері, қаламы қарымды қаламгер **Жылқыбай Жағыпарұлының** қайғылы қазаға ұшырауына байланысты марқұмның отбасы, туған-туысқандары, жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ФЛЕЙТАШЫ АТЫНДАҒЫ ОРКЕСТР

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның көркемдік кеңесінің шешімімен, Астана қаласы Мәдениет басқармасының келісімімен филармонияның үрлемелі аспаптар оркестріне белгілі флейташы, аталмыш оркестрдің негізін қалаушыларының бірі, профессор Қайролла Жұмакеновтің есімін беру шешімі бірауыздан мақұлданды. Осыған орай, филармонияның концерт залында «Vivat Maestro» атты еске алу кеші өтті.



Қайролла Жұмакенов – А.Жұбанов атындағы республикалық музыка мектебі мен Құрманғазы консерваториясының түлегі. П.Чайковский атындағы Мәскеу консерваториясының аспирантурасын бітірді. Еліміздің жетекші шығармашылық ұжымдарында жұмыс істеп, Австрия, Франция, АҚШ, Италия, Испания, Германия, Ресей елдеріне гастрольдік сапармен барды. Оның репертуарында әлемдік классика жауһарлары, заманауи қазақстандық музыка, батысеуропалық және орыс композиторларының шығармалары болды. Ол орындаған шығармалар Қазақ радиосының «Алтын

қорына» алынды. Сонымен қатар 30 жыл ұстаздық етті. Шәкірттері көптеген халықаралық байқаудың лауреаты атанып, республикалық және шетелдік шығармашылық ұжымдарда жұмыс істейді. Қайролла Жұмакенов Беларусь елінде өткен жас флейташылар конкурсы мен Одесса қаласында өткен байқаудың, АҚШ-тың Аризона штатындағы Финикс қаласында ұйымдастырылған халықаралық байқаудың лауреаты атанды. Астанадағы Қазақ ұлттық музыка академиясында (қазіргі Қазақ ұлттық өнер университеті) сабақ берді. Білім ошағында қазір оның атындағы флейташылар ансамблі бар.

«Біздің міндетіміз – Қайролла Жұмакеновтің мұрасын мәңгі есте қалдыруға ықпал ету, ұрпақ алдында ұлықтау» деді еске алу кешінде Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның бас директоры Ерлан Дәкенов. Өнер ұжымының басшысы сіңірген қайраткерлері Қанат репертуарында болған шығармалар орындалды. Үрлемелі аспаптар оркестрінің (көркемдік жетекшісі – Никита Почиталин) сүйемелдеуімен Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Қанат Ахметов, Әкім Мұхаджанов, Бекболат Байсағатов, Дамила Мақырова, Равиль Құлмаметов шығармалар

ды сызылды. Бұған қоса, камералық оркестр (бас дирижері – «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері Қалқаман Дүйсембаев) Қ.Жұмакенов атындағы флейташылар ансамблінің өнерпаздары, Қазақстанның Мәдениет қайраткері Бағдат Шәкенов, Нұргүл Сапарова, халықаралық байқаулардың лауреаттары Бану Далишева, Балжан Сапарова, Александр Тараскин, Анна Горцунова, Аида Әбдіқадырова, Жанар Жылтыргөзова, Әлима Әбеуова, Жанбота Балғабеков, Айғаным Қабимолла өнер көрсетті. Фортпиано партиясын Анжелика Горлова мен Салтанат Ақбасова орындады.

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСТІ ӘНДЕР

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның «Халық әні» бөлімі «Астана кеші көңілді» концертін өткізді.

Кеште өткен ғасырдың жетпісінші, сексенші, тоқсаныншы жылдары халықтың жүрегінен орын алған естен кетпес есті әндер мен қазіргі танымал шығармалар шырқалды. Атап айтқанда, Шәмші Қалдаяқовтың Торғай елінде сапарда болғанда туған «Арқалықтың ақ таңы», Әбілахан Еспаевтың «Маржан қыз», Қонысбай Әбіловтің «Бала махаббат», Қорабай Есеновтің «Жас қалам», т. б. композиторлардың туындылары тыңдарманның жан сарайын ашты.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Айгүл Қосанова, Гүлмира Сарина,

Гүлзира Бөкейхан, мәдениет саласының үздіктері Секен Сыздық, Нұрай Танабаев, Берік Омаров, Тельман Нұркенов, Данияр Мұқан, Әйгерім Нартұйе, халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаттары Сәулежан Тағзия, Өзгеріс Шерікбай, Айнұр Қонысбаева, Жақсыкелді Маясаров, Жандос Иманбай, Зинат Қасымова, Нұржан Мейірман, Рахат Бегасылов, Алуа Қалымбекова, Айдос Оңғарбай және филармонияның «Қорқыт» этноансамблі өнер көрсетті.



www.astana-akshamy.kz Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



«ӘКЕМТЕАТРДЫҢ АНАСЫ» АТАНҒАН

Астана қаласы әкімдігінің Бірлескен мұражайлар дирекциясында КСРО және Қаз КСР Халық әртісі, Қаз КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Сәбира Майқанованың туғанына 110 жыл толуына орай «Жарқын бейне» дәрісі өтті.

Іс-шара барысында әртістің театр және кино өнерін өркендетуге сіңірген ерен еңбегі, өнері және азаматтық болмысы туралы әңгіме өрбіді. Сыр елінде туған актриса 18 жасында Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының (қазіргі М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры) құрамына қабылданды. 1936 және 1958 жылдары Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысты. Театр сахнасындағы тұңғыш рөлі – Бейімбет Майлиннің «Майдан» драмасындағы Алтынай. Шыңғыс Айтматовтың

«Ана-Жер-ана» шығармасы бойынша сахналанған спектакльдегі Толғанай бейнесі үшін Мемлекеттік сыйлықты иеленді. Жалпы сахнада сан алуан бейнелерді сомдады. 1954 жылдан киноға түсті. Сол жылы «Махаббат дастаны» фильмінде Мақпал атты кейіпкерді ойнап, «Дала қызында» эпизодтық рөлде көрінді. Соның ішінде қазақтың классикасына айналған Сұлтан Қожықовтың «Қыз Жібек» кинотуындысында Қамқаны сомдады. Алыс жылдан астам театрда еңбектеніп, «Әкем-театрдың анасы» атанды.

МУЗЕЙДЕГІ СУРЕТ САБАҒЫ

Ұлттық музейде «Суреттер сыр шертеді» атты музейлік сабақ өтті. Іс-шараға қатысқан №2 өнер мектебінің оқушылары сурет салып, арнайы дайындалған түрлі тапсырманы орындады.



Сабақтың мақсаты – оқушыларға бейнелеу өнері туралы мағлұмат бере отырып, отандық қылқалам шеберлерінің жұмысын насихаттау. Оның барысында Ұлттық музейдің өнертану бөлімінің кіші ғылыми қызметкері Маржан Мұсатай оқушыларға бейнелеу өнерінің қалыптасу тарихы мен қылқалам шеберлері, олардың жұмысы жайлы баяндады. Балалар әйгілі кескіндемеші, график-суретші, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі – Әбілхан Қастеевтің өмір жолымен, хас шебердің музей қорында сақталып тұрған туындыларымен танысты.

Сондай-ақ Ұлттық музейде Қазақстан Суретшілер одағының 90 жылдығына орай мерейтойлық халықаралық көрмеге қойылған шетелдік суретшілердің туындыларын музей қорына тапсыру рәсімі өтті. Барлығы 15 суретшінің 18 картинасы тапсырылды. Жалпы Қазақстан Суретшілер одағының 90 жылдығына арналған халықаралық көрме отандық суретшілермен қатар Қырғызстан, Өзбекстан, Әзербайжан, Тәжікстан, Түрікменстан, Грузия, Литва, Украина, Беларусь, Молдова, Бурятия, Канада елдерінің 226 қылқалам шеберін біріктіріп, 270-тен астам туынды ұсынылды.